**Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 177 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 11 шілдедегі № 99 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі техникалық реттеу туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымша) 4-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 5-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Ерікті негізде қолдану нәтижесінде Кеден одағының "Парфюмерлік-косметикалық өнімнің қауіпсіздігі туралы" (КО ТР 009/2011) техникалық регламенті талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбесі және зерттеулер (сынақтар) және өлшемдер қағидалары мен әдістерін, соның ішінде Кеден одағының "Парфюмерлік-косметикалық өнімнің қауіпсіздігі туралы" (КО ТР 009/2011) талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбесі туралы" 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 177 шешіміне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ол ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының Төрағасы* — *М. Мясникович*

Еуразиялық экономикалық<br>комиссия Алқасының<br>2023 жылғы 18 шілдедегі<br>№ 99 шешіміне<br>ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 177 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР**

1. Көрсетілген Шешіммен бекітілген Ерікті негізде қолдану нәтижесінде Кеден одағының "Парфюмерлік-косметикалық өнімнің қауіпсіздігі туралы" (КО ТР 009/2011) техникалық регламенті талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін халықаралық және

өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық ( мемлекеттік) стандарттардың тізбесінде:

а) 2-позицияның 4-графасы "01.07.2024 дейін қолданылады" деген сөздермен толықтырылсын;

б) мынадай мазмұндағы $2^1$-позициямен толықтырылсын:

| | | | |
|---|---|---|---|
| "$2^1$ | | МЕМСТ ISO 3044-2022 " Лимон эвкалиптінің эфир майы (Eucalyptus citriodora Hook.)" | 01.07.2024 бастап қолданылады"; |

в) мынадай мазмұндағы $3^1$-позициямен толықтырылсын:

| | | | |
|---|---|---|---|
| "$3^1$ | | МЕМСТ ISO 3140-2021 " Тәтті апельсиннің эфир майы [Citrus sinensis (L.)]. Техникалық шарттар" | 01.07.2024 бастап қолданылады"; |

г) мынадай мазмұндағы $96^1$ – $96^{15}$-позициялармен толықтырылсын:

"

| | | | |
|---|---|---|---|
| **$96^1$** | | **МЕМСТ 32634-2020 " Химиялық өнімнің адам ағзасына әсер етуін сынау әдістері. Теріні *in vitro* күйдіру. Жаңартылған адам эпидермисін пайдалану әдістері"** | **01.07.2024 бастап қолданылады** |
| $96^2$ | | МЕМСТ 34637-2020 " Химиялық өнімнің адам ағзасына әсер етуін сынау әдістері. Теріні *in vitro* күйдіру. Тері арқылы электрлік қарсылық әдісі" | 01.07.2024 бастап қолданылады |
| $96^3$ | | МЕМСТ 34638-2020 " Химиялық өнімнің адам ағзасына әсер етуін сынау әдістері. Теріні *in vitro* күйдіру. Мембраналық тосқауыл әдісі" | 01.07.2024 бастап қолданылады |
| $96^4$ | | МЕМСТ 34639-2020 " Химиялық өнімнің адам ағзасына әсер етуін сынау әдістері. Теріні *in vitro* тітіркендіру. Жаңартылған адам эпидермисін пайдалану әдістері" | 01.07.2024 бастап қолданылады |
| | | МЕМСТ 34722-2021 " Химиялық өнімнің адам | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 96[5] | | ағзасына әсер етуін сынау әдістері. Көздің елеулі зақымдануын тудыратын химиялық өнімді және көздің тітіркенуін немесе елеулі зақымдануын тудыратын қауіпті сыныптауды талап етпейтін химиялық өнімді анықтау үшін ірі қара малдың көзінің мөлдір қабығының бұлыңғырлануын және өткізгіштігін зерттеу әдісі " | 01.07.2024 бастап қолданылады |
| 96[6] | | МЕМСТ 34726-2021 "Химиялық өнімнің адам ағзасына әсер етуін сынау әдістері. Көздің елеулі зақымдануын тудыратын химиялық өнімді және көздің тітіркенуін немесе елеулі зақымдануын тудыратын қауіпті сыныптауды талап етпейтін химиялық өнімді анықтау үшін қысқа мерзімді экспозицияны қолдана отырып *in vitro* сынау әдісі" | 01.07.2024 бастап қолданылады |
| 96[7] | | МЕМСТ 34735-2021 "Химиялық өнімнің адам ағзасына әсер етуін сынау әдістері. Көздің тітіркенуін немесе немесе елеулі зақымдануын тудыратын қауіпті сыныптауды талап етпейтін химиялық өнімді анықтау үшін адам көзінің мөлдір қабығының жаңартылған эпителийін (RhCE) қолдана отырып сынау әдістері" | 01.07.2024 бастап қолданылады |
| | **5-баптың 6 және 7.2-тармақтары** | МЕМСТ 34736-2021 "Химиялық өнімнің адам ағзасына әсер етуін зерттеу әдістері. Көздің елеулі зақымдануын тудыратын химиялық өнімді және көздің | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| $96^{8}$ | | тітіркенуін немесе елеулі зақымдануын тудыратын қауіпті сыныптауды талап етпейтін химиялық өнімді анықтау үшін бөліп алынған тауық көзін пайдалана отырып сынау әдісі" | 01.07.2024 бастап қолданылады | |
| $96^{9}$ | | МЕМСТ 34852-2022 " Цитоуыттылықты сынау әдістері. Ауыз қуысының жіті жүйелі уланауын зерттеу үшін бастапқы дозаларды бағалау. Сынақтар және бағалау бойынша № 129 серия" | 01.07.2024 бастап қолданылады | |
| $96^{10}$ | | МЕМСТ 34853-2022 " Химиялық өнімнің адам ағзасына әсер етуін сынау әдістері. Көзді күйдіруді және елеулі тітіркендіруді тудыратын заттарды сәйкестендіру үшін флуоресцеиннің өтімділігін анықтау әдісі" | 01.07.2024 бастап қолданылады | |
| $96^{11}$ | | МЕМСТ 34876-2022 " Гистологиялық зерттеулер жүргізу және деректерді алу үшін көз тіндерінің үлгілерін іріктеу әдісі. Сынақтар және бағалау бойынша № 160 серия" | 01.07.2024 бастап қолданылады | |
| $96^{12}$ | | МЕМСТ 34877.1-2022 " Белоктармен ковалентті байланыстар тудыратын тері сенсибилизациясына алып келетін жағымсыз нәтиже жолы. 1-бөлім. Ғылыми дәлелдемелер. Сынақтар және бағалау бойынша № 168 серия" | 01.07.2024 бастап қолданылады | |
| $96^{13}$ | | МЕМСТ 34877.2-2022 " Белоктармен ковалентті байланыстар тудыратын тері сенсибилизациясына алып келетін жағымсыз нәтиже жолы. 2-бөлім. Химиялық өнімді сыныптау және кешенді бағалауға және сынақтарға интеграцияланған | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | тәсілдемелерді әзірлеу кезінде қолдану. Сынақтар және бағалау бойынша № 168 серия" | 01.07.2024 бастап қолданылады |
| 96[14] | | МЕМСТ 34896-2022 " Химиялық өнімнің адам ағзасына әсер етуін сынау әдістері. Терінің *in vitro* сенсибилизациясы. ARE-Nrf2 люциферазаны анықтау әдісі" | 01.07.2024 бастап қолданылады |
| 96[15] | | МЕМСТ 34899-2022 " Химиялық өнімнің адам ағзасына әсер етуін сынау әдістері. Терінің *in chemico* сенсибилизациясы. Белоктармен ковалентті байланыстар кезінде жағымсыз нәтиже жолының негізгі оқиғаларына негізделген әдістер" | 01.07.2024 бастап қолданылады |

";

д) мынадай мазмұндағы 130[1]-позициямен толықтырылсын:

| | | | |
|---|---|---|---|
| **130[1]** | **5-баптың 7-тармағы, 6-баптың<br>4 және 5-тармақтары** | **МЕМСТ ISO 16128-1-2022 "Табиғи және органикалық парфюмериялық-косметикалық өнім. Сәйкестендіру және критерийлер жөніндегі нұсқаулық. 1-бөлім. Ингредиенттерге арналған анықтамалар"** | **01.07.2024 бастап қолданылады** |

".

2. Көрсетілген Шешіммен бекітілген Зерттеулер (сынақтар) және өлшемдер қағидалары мен әдістерін, соның ішінде Кеден одағының "Парфюмерлік-косметикалық өнімнің қауіпсіздігі туралы" (КО ТР 009/2011) талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбесінде:

а) 26-позицияның 4-графасы "01.02.2025 дейін қолданылады" деген сөздермен толықтырылсын;

б) мынадай мазмұндағы 26[1]-позициямен толықтырылсын:

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | МЕМСТ ISO 29621-2023 " | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| "26[1] | | Парфюмериялық-косметикалық өнім. Микробиология. Микробиологиялық тәуекелі төмен өнімнің тәуекелін бағалау және оны сәйкестендіру жөніндегі басшылық нұсқаулар" | 01.07.2024 бастап қолданылады"; |

в) мынадай мазмұндағы 52[1]-позициямен толықтырылсын:

| | | | |
|---|---|---|---|
| "52[1] | | МЕМСТ EN 17156-2022* " Парфюмериялық-косметикалық өнім. Талдамалық әдістер. 22 органикалық УФ-сүзгілерді сәйкестендіру және сандық анықтауға арналған LC/UV әдісі" | 01.01.2024 бастап қолданылады". |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК